

Магистр, аға оқытушы Казахбаева Г.И.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Тұлғаның креативті ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Ғылым мен техниканың өркендеуіне байланысты заман талабы күн санап өзгеріп және күшейіп келеді. Қазіргі кезде «мамандардың креативті ойлауы жоғары болса, онда еңбек өнімділігі мен сапасы да артады» деген пікірді қолдаушылар көп. Өйткені, креативті ойлау – бұл мәселеге жаңа көзқараспен қарап, ұтымды шешім шығара алу, қиыннан қиыстырып, жол табу болып табылады. Сонымен қатар, дәстүрлі идеялардан ауытқу және балама шешімдер жасау дегенді білдіреді. Креативті ойлау арқылы әр түрлі ғылыми жаңалықтар, жаңа және бірегей идеяларды ойлап табуға қабілеттілігіміз артатыны анық.

Креативтілік – тұлғаның айрықша идеяларды шығару, ойлаудың дәстүрлі емес схемаларынан көрсете алу, проблемалық жағдаяттарды шеше алу қабілеті. Адамның өзгермелі өмірлік жағдаяттарға жылдам бейімделе алуына мүмкіндік беретін креативтілік мәселесін және тұлғаның креативтілік сипатын зерттеу психология ғылымының негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Креативтілік – ағылшынның “creativity” сөзінен аударғанда «шығармашылық» деген мағына береді.

М.А.Холодная креативтілікті кең және тар мағынада қарастырылатынын атап көрсеткен. Тар мағынада креативтілік – бір мәселеге қатысты бірнеше дұрыс идеяларды ұсынуға дайындығымен ерекшеленетін дивергенттік ойлау. Кең мағынада – шығармашылық интеллектілік қабілеттер, оның ішінде тәжірибеге жаңалық енгізу, жаңа проблемаларды қою және шешуде ерекше идеялар ұсынуға қабілеттілік, олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды түсіну, гипотеза ұсыну, сонымен қатар стереотиптік ойлаудан бас тартуға

қабілеттілік. Шетелдік психологтар креативтілік мәселесін төрт аспектіде: креативті үдеріс, креативті өнім, креативті тұлға және креативті орта тұрғысынан қарастырғанын атап өткен орынды. Креативті орта деп шығармашылық өніміне қойылатын талаптарды қалыптастыратын құрылымды, әлеуметтік контексті түсінеді [1].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау негізінде ғалымдардың зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне байланысты нақты ғылыми тұғыр аясында «креативтілік» ұғымына анықтама бергендерін байқауға болады. Тұлғалық-мотивациялық тұғыр авторлары (А. Адлер, Т. Амбайл, Р. Ассаджиоли, В.Н. Дружинин, А. Маслоу, Г. Олпорт, К. Роджерс, Н.В. Хазратова, К. Юнг және т.б.) креативтілікті тұлға, тұлғаның даму мотивациясы, өзін-өзі белсендіруге қажеттілігі аясында қарастырады; үдерістік – іс-әрекеттік тұғырды жақтаушылар (Д.Б. Богоявленская, Е. Вард, В.В. Давыдов, А.М. Матюшкин, Я.А. Пономарев және т.б.) – шығармашылық үдерістің механизмдері арқылы; әлеуметтік-мәдени тұғыр өкілдері (Д. Воллас, Л.С. Выготский, Х. Груббер, Дж. Накамура, М. Чиксентмихайи және т.б.) – әлеуметтік байланыстар және мәдени ортаға байланысты; психометриялық теорияны ұстанушылар (М. Воллах, Дж. Гилфорд, Н. Коган, Д. Лаверт, С. Медник, Р. Стернберг, Е. Торренс және т.б.) стандартты тестілер арқылы өлшеуге болатын шығармашылық әлеуеттің генетикалық негіздеріне сүйенеді.

Креативтілік интеллектуалдық қабілеттердің ішінде ерекше тип ретінде бөлініп шықты. Гуманистік психологияның көрнекті өкілдерінің бірі Абрахам Маслоу креативтілік пен өзін-өзі танытудың арақатынасын зерттеуде креативтілік тұлғаның жетістігін емес, ол тұлғаның өзін сипаттайды деген. Бұл пікірден жетістіктер өзін-өзі танытатын тұлғаға қатысты екінші ретті болып табылатыны көрінеді. Өзін-өзі танытатын тұлғаға тән батылдық,

еркіндік, спонтандылық, тұтастылық, өзін-өзі қабылдау, айқын ақыл-ой, сана сияқты мінездік қасиеттер креативтіліктің генерализациясына әкеледі.

Шетелдік зерттеушілердің креативтілікке берген анықтамалары мен ұғымдарын талдай және жалпылай отырып, Р. Холлменн былай дейді: «Креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны, жаңа байланыстар табу қабілеті, жаңа қарым-қатынастардың пайда болуы, жаңа шығармалардың туындауы, жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті, жаңа шешімдерге әкелетін ақыл-ой іс-әрекеті, жаңа ұғымға тәжірибені көшіру, жаңа констелляциялық мағыналардың елесі» [2].

Қазіргі уақытта әртүрлі ғылым салаларында креативті мәселесін жан-жақты зерттеп, креативті білім беру парадигмасын жасауға бағытталған зерттеулер: Д.Б.Богоявленская қоғамдағы ғылым мен техникаларды жаңаша жасау креативтілікке әкеледі десе, Ч.К.Борисов креативтілік әдіснамасының парадигмалық моделін ұсынады, А.В.Брушлинский креативтілікте танымдық үрдістердің маңыздылығына тоқталады, ал Н.В.Вишнякова кәсіби акмеологиядағы креативті ойлауды дамытудың психологиялық негіздерін ашып көрсетеді. М.С.Каган адамның іс-әрекетін жүйелі талдау креативтілікке жол ашады десе, А.М.Матюшкин жоғары мектептердегі психологияның өзекті мәселесі деп түсіндіреді, ал Я.А.Пономарев креативтілік психологиясы мәселелерінде шығармашылық үрдістердің кезеңдерін көрсетеді. Шет елде шығармашылық психологиясын зерттеуде іргелі зерттеулер жүргізілген. Жеке ерекшеліктердің генетикалық алғышарттары да зерттелген. Дегенмен, кешенді жалпы диагностикаға және арнайы дарындылыққа арналған әдістеме жасалмаған. Шығармашылық ойлау әлі күнге дейін толық зерттелмеді. Креативті ойлау әрекетінің бастамасы жай ойлаудан басталады. Оларға пікір, тұжырым, түсінікті, индукция, дедукцияны анықтау жатады. Пікір – бұл нақты ойдан тұратын тұжырым айту. Тұжырым жаңа білім шығарылатын логикалық байланысқан айтуларды көрсетеді. Түсінікті анықтау

құбылыстардың жалпы ұқсастығын бөлетін кейбір топтары туралы пікірлер жүйесі ретінде қарастырылады. Индукция және дедукция – бұл жекеден жалпыға немесе керісінше бағытталғанды бейнелейтін тұжырымдарды еске түсіру тәсілі. Индукция жалпыдан жеке пікірлерді шығару, ал дедукция керісінше – жекеден жалпы пікірлерді шығаруды болжайды. Бірақ логикалық операция ойлау құрамына кіреді, ол кейде ғана логика мен сана әрекет ететін үрдіс ретінде көрінеді. Бұл туралы Рубинштейн: «Соқыр сезімнің жетегінде кете отырып, ойлау кейде объективті шынайылықпен емес, субъективтік сезімге сәйкес ұмтылумен басқарылады, «қанағаттану қағидасына» ереді «шынайылық қағидасы» эмоционалдық ойлау қатты немесе жай құштарлықпен ұмтыла отырып қалаған шешімнің пайдасы туралы айтатын дәлелдер жинайды», - деп жазады.

Е. Торренс креативтілікті білімнің жетіспеушілігінен, қиындықтарды сәйкестендіруден, болжамдардың пайда болуы және қалыптасуымен байланысты туындаған мәселеге деген сезімталдықтың пайда болуы ретінде анықтайды. Әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-басқарушылық деңгейінде, басқаша айтсақ, шығармашылық детерминанттарында зерттеулер жүргізілуде (В.П. Карцев, Р. Пиви, Б. Холлеран, В.Л. Худаков, Ф. Эндрюс, М.Г. Ярошевский және т.б.) [3].

Креативтілік сипаттамасы белгілі бір өнімді немесе кәсіптік әрекеттегі туындайтын психологиялық қасиетпен байланысты. Дж. Гильфорд, Л.Б.Ермолаева-Томина, А.Н.Жук, Ю.Н.Кулюткин, Б.Олмо, Я.А. Пономарев, Н.В. Рождественская, Е. Торренс және басқалар креативтілік элементтері ретінде әртүрлі қабілеттерді көрсетеді. Олардың ойларынша, негізгі қабілет идеяларды жүзеге асыру және қанықтыру мүмкіндігімен айқындалады.

Креативтілік маңызды және ерекше феномен болатын бұрынғы зерттеулер мен қазіргі зерттеулерде креативтілікті тұлғаның интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктері ретінде қарау беталысы айқындалады. Бұл

креативтілік мәселесіне деген әр түрлі бағытталғандықты көрсетеді: ол әрине, барлық тұлға бірдей жете алмайтын креативтілік қорытындысы емес (бұл мәселе күрделірек, өйткені қорытынды ретінде тек ғылымдар мен қас шеберлер жететін объективті әлеуметтік маңызды жаңа қорытынды қарастырылады), рефлексия және субъективті өз-өзін бағалау негізіндегі тұлғалық маңызды жаңа сапа деп зерттеледі. Көптеген креативтілікті зерттеулерде психологиялық креативтілік механизмдері мен шығармашылық потенциалын тұлғалардағы түрлі сандық және сапалық қасиеттерін анықтауға басты назар аударылады. Бұнда олардың дамуы және шығу деңгейін ажырата білу қиындығы туындайды.

Сонымен, дәстүрлі психология мен педагогикада креативтілік тұлғалық категория ретінде қарастырылды, пікірлер мен таластар негізінен түсініктемені айқындау жөнінде болды. Атап айтқанда креативтілік дивергенттік ойлау немесе интеллектуалдық белсенділік немесе тұлғаның ықпалдастық сапасы деп қарастырылады. Әрбір ғылымның ұстанымы дәлелденген, мақұлдауды күтеді. Бірақ, педагогикада (креативтік андрагогикада) оның сапалы көрсеткіштері мен пайда болу деңгейін анықтау толық мүмкін емес. Егер креативтілік сипатталған ұстанымдардың тек біреуі арқылы ғана түсіндірілсе, онда мәселе бір жақты ғана қарастырылады.

Әдебиеттер:

1. Бутенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика. Учеб.-метод. пособие. М.: Мирос, 2002.
2. Утёмов В. В., Зиновкина М. М., Горев П. М. Педагогика креативности: Прикладной курс научного творчества: Учебное пособие. – Киров: АНОО «Межрегиональный ЦИТО», 2013. – 212 с.
3. Темпл Ч. Критическое мышление и критическая грамотность // Перемена. 2005. № 2. С.15-20.